



Автор: НУРЖАНОВА КЫЗГАЛДАК КАИРБЕКОВНА

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

Тақырып: Ұлттық кейіпкерлер туралы не білемін? Ф дыбысы мен әрпі.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Сурет бойынша сөйлей алады. Сөздерді буынға бөлу, буын санын анықтауды біледі. Сурет бойынша сөйлем ойлай алады. Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндайды. Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Футбол, кино, ертегі Ишара: Фф әрпін қимылмен көрсету
Күтілетін нәтиже:	ф дыбысы мен әрпін біледі. Дыбыстық талдау жасай алады.
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудио, видеожазба
Пәнаралық байланыс:	музыка
Бастапқы білім:	Дыбыстың не екенін біледі. Дыбысты таңбалап жаза алады. Дыбыстарды айтылуына қарай, бөлінуіне қарай біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (5 минут)</p>	<p>- Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, шеңбер болып тұра қалайық. "Әрқашан, ешқашан" деген ойын арқылы бірбірімізге жақсы тілектер тілейік. Балалар бір-біріне жақсы тілектер айта отырып, қолдарынабілезікті тағады. Жақсы, рақмет балалар. Орындарыңа отыра қойындар. Сөздің сыры – көп жұмбақ, Шешуін кім табады? Кімдер шешсе тез ойлап, Сол жеңімпаз болады. Балалар, мен сендерге қазір жұмбақ жасырамын. Жұмбақ жасыру 1.Қабат-қабат қапталған, Асыл сөзбен апталған. Парағы бар сөйлейтін, Ол қазына өлмейтін. /Кітап/ Кітаптарың дайын ба? 2.Ұшымен қазық, Тор көзді жазық. Үстіне өттім, Асыл сөз жазып. /Дәптер/ Дәптерлерің дайын ба? 3.Денесі бар шыбықтан , Темір тұмсық құдықтан. Сусын алып ішеді, Ойы із боп түседі. /Қалам/ Қаламдарың дайың ба?</p>	
------------------------------------	--	--

<p>Сабақтың ортасы (20 минут)</p>	<p>-Ең алдымен бүгін нешесі екен? /15 ақпан/ Балалар өткен сабағымызды қайталап еске түсіріп алайық. Ол үшін қазір біз «лото» ойынын ойнаймыз.</p> <p>1)Біз өткен сабақта қандай әріппен таныстық? «Я» дыбысы қандай дыбыс? 2)әріп дегеніміз не? 3)дыбыс дегеніміз не? 4) дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? 5) дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? 6) Алдаркөсе, Қожанасыр кімдер?</p> <p>Бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбын білу үшін қазір сендерге жұмбақ жасырамын. 1)Бір құлағы сөйлесе, Бір құлағы тыңдайды. Білсең айтшы ендеше, Жұрт не дейді мұндайды? (Телефон)</p> <p>2) Қыста дем алып,жазда тынбайды, Көкке атылып,жерге құлайды. (фонтан)</p> <p>3)Өңкей сығай екі топта, Таласып жүр бір допқа. (футболшы)</p> <p>4)Қыста дем алып, жазда тынбайды, Көкке атылып, жерге құлайды. (Футбол)</p> <p>-Осы телефон, фонтан, футбол сөздерінде қандай дыбыс бізге таныс емес? -Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Ф» дыбысы мен әрпі. -Сабақтың мақсатын хабарлау: Балалар біздің қазіргі сабағымыздың мақсаты қандай? -Қане барлығымыз бірге «ф» дыбысын бірге айтайықшы. -Қай дыбыстың түріне жатады? -Әріптің баспа, жазбаша түрімен таныстыру. Ф дыбысының суретін көрсету. -Видеоролик көрсету. -«Ф» дыбысы неге ұқсайды. Суреттер көрсету. -Біздің сыныпта кімнің есіміңде «ф» дыбысы кездеседі? ОҚЫЛЫМ. -Оқулығымыздың 103 бетін ашамыз. 1-тапсырмада берілген сөздерді буындап, тұтастай оқыту. Және суреттер көрсетіп отыру. -Қане балалар сөздерді қалай оқып шықтық. Алдарында жатқан бағдаршамның түстерімен әр топ бір-бірімізді бағалай қоямыз. Өлеңді мәнерлеп оқу. Футбол, кино, ертегі - Бірі қызық бірінен, Қуат ұзақ елтеді, Айнымай сол күйінен. -Балалар Қуаттың қылығы дұрыс па? Неге? -«Алдар көсе мен ұры» мультфильмін естеріңе түсіріңдер. Қазір мына берілген суреттер бойынша әңгімелейміз. «Кір жаю» әдісі. ЖАЗЫЛЫМ. -Мәтінді ары қарай жалғастырыңыздар. Бірде Қожанасыр келе жатып, жолдан ұялы телефон тауып алды.... -Қазақтың ұлттық биі қандай? - Орнымыздан тұрып қолымызды белімізге қойып көрейік, неге ұқсайды ? - Қазақ ұлттық би қимылдарында «Ф» әрпіне ұқсас қимылдарды кездестіреміз. -Ендеше қазір бәріміз «Қара жорға» биін орындаймыз.</p>	
<p>Сабақтың соңы (10 минут)</p>	<p>Шығармашылық тапсырма.</p> <p>1-топ: «Сөз ойла,тез ойла» (берілген әріптерден сөздер ойлау,жазу.) 2-топ: «Адасқан буындар»(берілген буындардан сөздер құрау) 3-топ: «Қай әріпті жоғалттым?»(көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою.) 4-топ: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?»(берілген суреттерге сөйлем құрау.) 5-топ: «футбол» сөзіне дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Әр топқа берілген тапсырманы қалай орындадыңдар екен? Әр топ бір-бірлеріңді саусақпен бағалай қояйық.</p> <p>-Бүгін қандай дыбыспен таныстық? -Сендерге сабақ түсінікті болды ма? -Дұрыс жазылған “Ф” әрпін көрсет. (Суреттер көрсету) -«Ф» дыбысы қай ауылдың тұрғыны екен?</p>	
<p>Рефлексия (5 минут)</p>	<p>«Тілек ағашы» арқылы балалар өз-өздерің бағалайды. Үйге тапсырма: «Ф» дыбысын оқу, жазу.</p>	

Ұлттық кейіпкерлер туралы не білемін? Ф дыбысы мен әрпі (40 минут)	1 сыныптың сауат ашу пәнінен "ф дыбысы мен әрпі" туралы ашық сабақ жоспары.	
--	---	--